

Ақпараттық хат

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті 2025 жылдың 14 сәуірінде өтетін доцент М.Р.Катенованың 80 жылдығына арналған «Тіл. Мәдениет. Коммуникация» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырады.

Конференция жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. Қазіргі заманғы филологиялық парадигмалар және тілдік зерттеулер.
2. Жаһандық кеңістіктегі мәдениет және мәдениетаралық коммуникация.
3. Тілдерді оқытудағы инновациялық технологиялар мен білім беру трендтері.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс және ағылшын.

Конференцияны өткізу форматы: онлайн/оффлайн (ауызша немесе PowerPoint (.ppt) форматында)

Мақалаларды және тіркеу нысандарын ұсыну мерзімі **2025 жылғы 20 наурызына дейін (қоса алғанда)**. Пленарлық және секциялық отырыстарды өткізу уақыты мен орны туралы қосымша хабарланатын болады.

Мақалаларды ресімдеуге қойылатын талаптар және қатысушылардың тіркеу нысандары **Қосымшада** көрсетілген.

Конференция нәтижелері бойынша конференция материалдарының электрондық жинағы қатысушылардың тіркеу нысанында көрсетілген электрондық мекенжайларына жіберіледі.

Конференцияға қатысу және мақаланы электронды жинақта жариялау бойынша ұйымдастырушылық жарна – **4000 теңге**, білім алушыларға (ғылыми жетекшімен бірлескен авторлықты қоспағанда) – **2000 теңге**. Шетелдік авторларға конференция жинағында жариялау – **тегін**.

Ұйымдастыру жарнасы мақаланы жариялауға қабылдағаннан кейін ғана ұйымның есеп шотына төленеді/аударылады. Мақаланы жариялауға қабылдағаннан кейін міндетті түрде ұйымдастыру жарнасын төлеу туралы құжат «Конференция үшін» деген белгімен JPEG (JPG) немесе PDF форматында zhu.conference@mail.ru электрондық поштасына жіберілуі тиіс.

Редакциялық алқа келесі материалдарды қабылдамауға құқылы:

– мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін немесе белгіленген мерзімнен кеш жіберілген мақалалар;

– плагиатқа тексеруден өтпеген мақала. Мәтіннің түпнұсқалық көрсеткіші кемінде мақаланың көлемінің 70% құрауы тиіс.

Ұйымдастыру жарнасы ұйымның есеп шотына аударылады:

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ

БСН – 990 140 003 041

ЖСК – KZ566010311000005234

КБЕ 16

БИК – HSBKKZKX

«Қазақстан Халық банкі» АҚ, Талдықорған қаласы

ТМК (төлем мақсаты коды) – 861

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

**І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ
ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ**



**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. И. ЖАНСУГУРОВА**

Төлем кезінде төлемнің мақсатын көрсетуді ұмытпаңыз: конференциядағы мақала үшін.

Kaspi.kz қосымшасы арқылы төлеу бойынша нұсқаулық:

Төлемдер ➡ Іздеу ➡ «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» теру ➡
Факультеттің орнына «Конференция үшін» деп көрсетіңіз: ➡ Өз деректеріңізді толтырыңыз ➡
Сомасы: 1 мақала үшін 4000 тг немесе 2000 тг ➡ Төлеу.

Конференцияны ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: 040009, Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 А, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, шетел тілдері және
аударма ісі кафедрасы, 133 каб.

Телефон: (8-7282) 22-16-67-1147; E-mail: Zhu.conference@mail.ru